

Б.А. Жүнісова¹, Ж.М. Баймұрынов^{2*}

¹Ататүрік университеті Түркітану институты, Ерзурум, Түркия;
²«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан
(byan75-75_75@mail.ru, janbolat_b_m@mail.ru)

«Йана» тұлғасының қазіргі сипаты мен қызметі

Қазақ тіл білімінде жалғаулықтардың грамматикалық қызметін зерттеу профессор Р. Әміровтен басталып, онан бері де бірнеше диссертация қорғалды. Алайда жалғаулықтардың грамматикалық табиғаты түгелдей анықталып болды деуге әлі ертерек. Мәселен, бір ғана «және» тұлғасының өзіне қатысты қаншама түйткілді мәселе бар. Бұған, біріншіден, «және» тұлғасының грамматикалық функциясының уақыт өте келе кеңейіп қалғандығы, екінші жағынан, жалғаулықтар лингвистикалық табиғаты бойынша күні бүгінге дейін зерттеліп бітпегені себеп болып отыр. Мақалада «және» тұлғасының грамматикалық ерекшелігі «тағы» және «қайта» тұлғаларымен салыстырыла қаралады. Өйткені бұл тұлғалардың өзара квазисиноним болатын мүмкіндігі бар. Мұның себебі ең әуелі тарихи даму процесімен байланысты. Сондықтан ертедегі «йана», қазіргі «және» тұлғасының тарихи даму сатысына орай транспозициялануын арнайы зерттеу қажеттігі туындайды. Нәтижесінде «және» тұлғасының грамматикалық функциясы ғылым талабына орай мүлде жаңаша көзқараста сипатталып отыр. Атап айтқанда, бүгінде жалғаулық ретінде ғана танылып жүрген «және» тұлғасының этимологиясы сараланып, сөйлемде үстеу де, демеулік те болатыны мәлім болды. Грамматикалық мағынасын анықтау критерийлері ұсынылды. Бұл кезге дейін түсініксіз болып келген сипаттарының сыры ашылды. Сондай-ақ грамматика теорияларында кездесе бермейтін функциясы жөнінде баяндалды. Мақалада жасалған тұжырымдар түркология және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттейтін магистранттар мен докторанттарға ғылыми материал болады.

Кілт сөздер: йана, және, тақы, тағы, үстеу, демеулік, шылау, шылаудың қызметі, жалғаулық, адвербиалдану, конъюнкту, транспозиция, квазисиноним, қазақ грамматикасының теориясы.

Kipicene

Тілді статикалық құбылыс дегенімізбен, уақыт өте ол да ілгерілеп отырады. Ілгерілегені — өзгергені, өзгергені — дамығаны. Осыдан барып тілде жаңа көзқарас, жаңа ұстаным пайда болып жатады. Бұрыннан мәлім кей жайтқа қатысты басқа тұжырым, тың мәміле жасау қажеті — тіл дамуы барысындағы қалыпты құбылыс.

Қазақ тіл білімінің біршама зерттелгені, әлемдік лингвистика талаптарына орай дамып жатқаны белгілі. Әсіресе грамматика теориясы әлдеқашан орнықты, дегенмен әлі де біраз жайттың жете нақтыланбағанын, зерттей түсуді қажет ететінін де жоққа шығармаймыз. Осындай жайттың бірі **және** тұлғасы жөнінде.

Әдетте бұл тұлғаны жалғау ретінде білеміз, сондай-ақ жалпы формасының ертеректегі нұсқасынан айтарлықтай өзгермегені де мәлім. Әдеби тілдің функционалдық стильдеріне қатысы, грамматикалық қызметі жөнінде де арнайы жүргізілген еңбек баршылық. Бұл қатарға стилистикалық сипатын және қосыңыз. Бір қарағанда, баршаға белгілі бұл сөздің зерттелетін ештеңесі қалмағандай.

Қазақ тілі — түркілік тілдердің біреуі ғана. Сондықтан тіл табиғатына қатысты зерттеудің салыстырмалы әдіс арқылы, яғни түркілік өзге халықтардың тіліндегі заңдылықтармен салыстырыла жасалғаны абзал. Бұл — түркілік халықтардың қай-қайсысының да грамматикасының шынайы болуы үшін қажет критерий. Қазірде түркілік тілдердің генеалогиялық жақындығына қарамастан өзінше дамып жатқанын да жоққа шығаруға болмайды. Осыған орай кей мәселе тілдің өз ішінде шешіліп жатады, алайда көп мәселе тілдерлік талдау барысында ғана нәтижелі болмақ. Сонымен, *және* тұлғасы жөнінде басы ашылмай келе жатқан мәселелерді жалпылама түрде былайша топтап отырмаймыз:

- 1) *Және* тұлғасы тек байланыстырушы қызметте ғана жұмсала ма?
- 2) *Және* тұлғасының грамматикалық синонимі бар ма?

Бірінен-бірі туындап отыратын бұл мәселелерді анықтау, біздіңше, грамматикамыз жөнінде біраз жайды аңғартады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru

Мақсат пен міндеттер. Қазақ тіл білімінде грамматикалық және тұлғасы жөнінде түйткілді мәселе бар екеніне талас жоқ. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты — және тұлғасының қызметін диахрониялық және синхрониялық талдау арқылы нақтылау. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды:

- және тұлғасының ертеректегі мағынасын анықтау;
- және тұлғасы мен тағы, қайта тұлғаларының қызметін салыстыру;
- және тұлғасының түркілік өзге тілдердегі қызметін саралау;
- және тұлғасының қазіргі грамматикалық мағынасын нақтылау;
- және тұлғасының стилистикалық қызметін көрсету;
- және тұлғасының шылау ретіндегі қызметін сипаттау.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Мақала диахрониялық және синхрониялық салыстырмалы талдау, жалпылай және жалқылай талдау әдістері негізінде дайындалды. Баяндалған теориялық мәліметтер бүтіннен бөлшекке немесе бөлшектен бүтінге қарай жылжу арқылы тарқатылып әрі жинақталып отырылады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазіргі тіліміздегі және тұлғасының түркілік өзге халықтардағы нұсқасы — *йана* (көбіне), *жана*, *йәнә*, *ене*, *гене*, *уонна*, *эмиз* (соңғы үшеуі сирек). Сөз басындағы *й* орнына *ж* дыбысын қолдану — қазақ тіліне тән сипат. Алайда мұнан бұл сипат кейіннен қалыптасты деуге келмейді, себебі сөз басындағы *й* орнына *ж* қолдану ерте замандарда да болған [1, 63]. Ал ертеректегі нұсқалары мынадай: *йана*, *йене*, *йеме*.

Және тұлғасының қазіргі нұсқаларынан саха (якут) тіліндегі *уонна* дегеннің *йана* дегеннен, *эмиз* дегеннің *йеме* дегеннен қалыптасқанын шамалау қиын емес. Қырымшақ тіліне тән *гене* нұсқасының *йене* дегеннен орныққанын тұлғасына қарап шамалағанымызбен, қандай заңдылық негізінде қалыптасқаны туралы нақты мәлімет жоқ [2, 115].

Енді *және* тұлғасының ертеректегі және қазіргі тілдердегі мағынасына тоқталайық.

Бұл тұлғаның көне түркі кезеңіндегі Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде шылау мағынасында жұмсалғанын айтқан Ж. Тектіғұл *Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты (Ел және ел болды, халық және халық болды)* мысалын келтірген [3, 302]. Осындағы *йеме* тұлғасы көптеген дереккөзде *қайта*, *тағы* мағынасында жұмсалған [2, 115]. Тіпті *Ел қайта/тағы ел болды, халық қайта/тағы халық болды* десек, сөйлемнің коммуникативтік мазмұны айқын бола түсерін байқаймыз.

Йеме тұлғасының қазіргі *тағы* мағынасында жұмсалғанын көне ұйғыр ескерткіштерінің тілін зерттеген Ғ. Айдаров та көрсеткен [4, 93].

Йана тұлғасының *қайта*, *тағы*, *сондай-ақ (сонымен қатар)*, *және* (1. снова, опять, вновь, еще; 2. а также, да еще, и) мағынасында, *йене* тұлғасының *қайта*, *тағы*, *бірақ*, *және* (1. опять, снова, еще; 2. однако; 3. и) мағынасында жұмсалғаны, сондай-ақ *йана* тұлғасының алғашқы мағынасы *кері*, *тағы*, *қайта (назад, опять, снова)* болғаны жөнінде мәлімет бар [2, 115].

Мұнан қазіргі тіліміздегі *және*, *тағы*, *қайта*, *сондай-ақ*, *сонымен қатар*, *бірақ* сөздері мағынасының ертеректе бір ғана *йана* тұлғасы арқылы берілгенін аңғарамыз. Бұл тұста *йана*, *йене*, *йеме* нұсқаларын дыбыстық өзгеріске түскен бір нұсқа (генезис) деп қарап отырмыз. Ал қарсылықты мәнде (*бірақ*) жұмсалғаны күмәнді, себебі, біріншіден, көрсетілген еңбекте нақты мысал берілмеген, екіншіден, көнетүркілік зерттеулерде де, қазіргі түркі тілдерінде де қарсылықты мәнде жұмсалғаны және жұмсалатыны жөнінде ешқандай дерек жоқ.

Н. Сауранбаев 1948 жылғы еңбегінде *және*, да сияқты жалғаулықтар этимологиясын анықтаудың қиын, тіпті мүмкін емесін айтады [5, 56], алайда кейінгі зерттеулерде *йана* тұлғасының *қайту*, *оралу* мағыналы *йан* етістігіне көсемшенің *-а* қосымшасы жалғануынан қалыптасқаны [2, 115], *та* шылауының *тағы (тақы)* сөзінің ықшамдалуынан қалыптасқаны [3, 307] жайлы пікір бар. Түрік ғалымы О. Балжы ұстанымы да осыған саяды [6, 229-244]. Біздіңше, бұл пікір — құптарлық пікір, себебі қазіргі *және* тұлғасында *қайта* үстеуінің семантикасы, *та* шылауында *тағы* сөзінің семантикасы күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Сонымен, жинақтай келгенде, *және* тұлғасының грамматикадағы қазіргі мағынасы мен қызметін нақтылау үшін *қайта*, *тағы* сөздерімен байланыстыра қарау керек екені мәлім болды. Қазіргі грамматикамыздағы *және* тұлғасының жалғаулық шылау, онда да ыңғайлас мәнді жалғаулық екені айтылып жүргенмен, шындығында, оның грамматикалық қызметінің аясы онан әлдеқайда кең.

Жалғаулықтар тарихын арнайы зерттеген Р. Әміров *және* тұлғасының әуел баста үстеу болғанын («...ол кездегі мағынасын қазір **қайта** деген сөз беріп жүр»), онан соң демеулік болып, жалғаулық қызметіне кейіннен ғана ауысқанын баяндай келе былай дейді: «Ұйғыр, түрікмен тілдерінде **йәнә, ене** осы күні де үстеу ретінде жұмсалып, **қайта** деген сөздің мағынасын беретін сияқты. Оған мынадай мысалдар — дәлел: *Биз колхоздин кече кайтип келдук, огуноккә йәнә колхозга чикип кетимиз* (Біз колхоздан кеше қайтып келдік, бүрсігүні **қайта** колхозга шығып кетеміз).

Істің, қимылдың бірнеше дүркін болып тұратындығын білдіретін үстеу сөз **жәненің** қазақ тілінде күшейткіш демеулікке өтуі заңды-ақ сияқты» [7, 14-15]. Ғалым *және* тұлғасының демеулік шылау мағынасын *тағы* сөзімен бірдей функцияда жұмсалғанымен байланыстырады, сондай-ақ *және* демеулігінің жалғаулық шылау қызметіне ауысуына оның сөйлемдерді байланыстыруға о бастан бейім болғаны ықпал еткенін айтады. Сөйтіп, *және* тұлғасы бүгінде «түгелдей жалғаулық болып кетті» деп санайды [7, 15].

Ғалымның пікірінше, *және* тұлғасының грамматикалық эволюциясы мынадай: **үстеу** → **демеулік** → **жалғаулық**. Осыған ұқсас көзқарас Ж. Тектіғұлда да бар: «*Және* жалғаулығы алғашында күшейткіш демеулік мағынасында жұмсалып, кейіннен сөздерді байланыстыруға бейімділігі оның жалғаулық қызметіне ауысуына алып келген» [3, 308]. Яғни **демеулік** → **жалғаулық** эволюциясын мақұлдайды.

Бұл екі пікір айтарлықтай алшақ емес, қайта бірін-бірі бекіте түседі. Алайда біз Р. Әміровтің ұстанымын толығырақ деп есептейміз, сөйте тұра *және* тұлғасының бүгінде біржола жалғаулыққа айналғаны жөніндегі пікірін құптамаймыз. Себебі *және* тұлғасының үстеу, демеулік, жалғаулық мағынасы қазіргі қазақ тілінде де, түркілік өзге тілдерде де сақталып отыр. Оған, жоғарыда келтіргеніміздей, *қайта, тағы* сөздерімен байланыстыра қарау барысында көз жеткіземіз.

Назар аударарлық келесі жайт — ертеректегі *йана, йеме, тақы* нұсқаларының қазіргі мағынасын зерттеушілер тарапынан даралап көрсету тәжірибесі байқалады. Мәселен, Ғ. Айдаров көне ұйғыр ескерткіштері тіліндегі *йана* тұлғасы мағынасының қазіргі *және* тұлғасымен, *йеме* тұлғасының *тағы* тұлғасымен сәйкесетінін, сондай-ақ *тақы* тұлғасының әдеттегі *тағы* дегеннің мағынасымен үндестінін көрсетсе [4, 93], М. Қашқари сөздігін аударған А. Егеубай сөздіктегі *йана* сөзінің мағынасын *және, қайта* деп [8, 38], *тақы* сөзінің мағынасын *тағы, және* деп [8, 308] көрсетеді. Әбілғазы баһадүр ханның XVII ғасырдағы «Түркі шежіресінің» сөздігін құрастырған Г. Мамырбекова *тақы* сөзінің мағынасы қазіргі *та* демеулігімен және *және, қайтадан, тағы* сөздерінің мағынасына саятынын анықтаған [9, 272-273]. Десек те грамматикалық семантикасы жағынан барлығының да өзектес екенін аңғармау мүмкін емес. XIV ғасыр басынан жеткен «Жамиғ-ат тауарих» тілінде жалғаулық қызметіндегі *йана тақы* тұлғасының тіркесе жұмсалуды [10, 46] осындай өзектестіктен кейінірек қалыптасқан норма болса керек.

Мұнан шығатыны — ертедегі *йана, йеме, тақы* тұлғалары белгілі бір грамматикалық мағына аясында жұмсалған және қазіргі тіліміздегі *және, қайта, тағы* сөздерінің мағынасымен бірдей. Дегенмен осы тұлғалар арасындағы *тақы* сөзінің о бастағы грамматикалық мағынасы біркелкі болмағанға ұқсайды.

Р. Әміров *тағы, егер* шылауларының парсы тілінен енгені жөнінде П. Мелиоранскийге сілтеме жасайды [7, 5], алайда П. Мелиоранский парсы тілінен енген деп тек *егер* шылауын ғана көрсеткен [11, 68]. Сондай-ақ «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» *тағы* сөзі емес, *егер* сөзі ғана бар [12, 185]. Оның үстіне, *тақы* сөзінің түркілік жазба ескерткіштерде кірме шылауларға қарағанда белсендірек жұмсалғаны белгілі.

Сонымен, *тағы* тұлғасын аталған ғалымдар жалғаулық шылау деп қараса, Г. Мамырбекова «Түркі шежіресіндегі» мағынасы қазіргі *та* тұлғасымен барабар демеулік болғанын, сонымен қатар *және, қайтадан, тағы* сөздерімен сәйкесетінін анықтаған, алайда бұл сөздікте соңғы үш сөздің грамматикалық мағынасы нақтыланбайды. Шежіреден келтірілген мысалдарға қарағанда, *және* сөзі жалғаулық шылау, *қайтадан* сөзі үстеу, *тағы* сөзі демеулік мағынасында жұмсалған, қараңыз: «*Андын кетіп Шам барды тақы бірнеше ыл онда тұрұб андын Хожент барды (Одан кетіп Шам барды және онда бірнеше жыл тұрып, одан Хожент барды).*

Каш каш хытай бірлән иау болұр ерді анда хытай падишаһы ләшкер иіберіб өлтүртүб уа чабдүртүб тақы өзиге бақындүрұр ерді (Анда-санда қытайменен жау болатын, онда қытай патшасы әскер жіберіп өлтіртіп, шаптыртып өзіне қайтадан бағындыратын еді).

Тақы екі иылдын соң падишаһ болды (**Тағы** екі жылдан соң патша болды)» [9, 272-273].

VII-IX ғасырларға тиесілі руникалық жазбалар грамматикасы жайлы келесі бір еңбекте *тағы* тұлғасының *бекіту, жалғау, қосу* мағынасындағы *тақ* етістігінен қалыптасқан жалғаулық екені көрсетілген [13, 206]. Сондай-ақ осы еңбекте сан есімдермен тіркесе жұмсалатын *артуқы* (қазіргі *артық* сөзі) шылауындағы **-ы** аффиксінің тәуелдік жалғау екені жөнінде мәлімет бар [13, 206]. Біздіңше, мұндағы *артық* сөзі — шығыс септігін меңгеретін септеулік шылау. Жалпы, *тағы* тұлғасы мен *артық* сөзі, семантикасына қарағанда, ортақ генезистен тараған сыңайлы. Мұндай ұйғарымды *тағы* тұлғасының парсытектес емесіне әлсіз де болса және бір айғақ деп есептейміз.

Және тұлғасының алғашқы грамматикалық мағынасының үстеу болғаны сияқты, *тағы* тұлғасын да әуелде үстеу болған деп санаймыз, себебі адвербиалдануға етістік негізді (*тақ*) сөздер бейім тұратыны — тіліміздің заңдылығы. Екіншіден, Ж. Тектіғұлдың XI-XII ғасырлардан жеткен мұраларда *тағы* сөзінің үстеу мағынасын «сақтап қолданылғанына» [3, 307] арнайы назар аудартуы осыны аңғартады.

Жоғарыдағылардан *тағы* тұлғасының ертеде жалғаулық, үстеу, демеулік мәнінде жұмсалғаны жөнінде түйін шығады. Дей тұрғанмен жалғаулық қызметінде жұмсалғанына күмән бар. Мысалы, *тағы* тұлғасының демеуліктен жалғаулыққа айналуы жөнінде *На кім болмиш тақы на кім боласы турур* (*Кім не болған, тағы кім не болмақ*) деген мысал келтірген Р. Әміров осындағы *тақы* сөзінің «екі сөйлемді байланыстыру үшін қызмет етіп тұрғанын», алайда «өз мағынасын сақтағанын» (демеулік мағынасын. – Авт.) ескертеді. Сөйлемдерді байланыстыру қызметі біртіндеп белсенденген *тақы* демеулігінің уақыт өте *және* демеулігі сияқты «түгелдей жалғаулық болып кеткенін» баяндайды [7, 13].

Біздіңше, *Кім не болған, тағы кім не болмақ* сөйлеміндегі *тағы* тұлғасының грамматикалық мағынасы — демеулік қана. Егер құрмаласа байланысқан компоненттер жігіндегі демеулікті жалғаулық мағынасында жұмсалып тұр деп есептейтін болсақ, онда *Бәрі үлгерді, тек мен сәл кешіктім* деген сөйлемдегі *тек* демеулігін де жалғаулық деп таныған болар едік. Демек, демеуліктің сөйлемдер жігінде жұмсалыуы — оның жалғаулық екеніне критерий емес. Оның үстіне, ескерткіштер тіліндегі *тағы* тұлғасының да демеулігімен бір мәнде жұмсалғаны жөнінде нақты мәлімет бар, қараңыз: «*Тағы* сөзімен *де* демеулігінің бірдей қызметте жұмсалғанын тілдік деректер дәлелдей түсетіндей. Салыстыр.: *Ул (ит) тақы бірла кірді (Ол ит те бірге кірді)*» [3, 307].

Сөзіміз дәлелді болуы үшін, қазіргі түркілік тілдер грамматикасына жүгінейік. Мысалы, сары ұйғыр тіліндегі *тақы* [14, 353], алабұғат татар (ноғай) тіліндегі *тағын* [14, 178], эзербайжан тіліндегі *даһа* [14, 167] тек күшейткіш демеулік қызметінде жұмсалады. Алайда қырғыз және қарақалпақ тілдерінде *тағы* тұлғасы жалғаулық шылау ретінде қаралып жүр.

Қырғыз лингвисті И. Абдувалиев *дағы* дегенді жалғаулық шылауға жатқызғанымен [15, 242], келтірген мысалындағы *дағы* қазақ тіліндегі *да, әрі* шылауымен мәнделсе, қараңыз: *Жалғыз қызы аға көрк дағы, караан дағы болғонсуйт* (К. Жантөшев) [15, 247]. Аудармасы: *Жалғыз қызы оған көрікті де, мұңды да көрінді немесе Жалғыз қызы оған әрі көрікті, әрі мұңды көрінді*. Осындағы *дағы* – жалғаулық емес, демеулік шылау, себебі «бірыңғай мүшелердің әрқайсысының жетегінде болып, оларға күшейту, анықтау, тәптіштеу мағыналарын үстемелеп отыру» — демеулік шылаудың сипаты да, «өзара бір-бірімен байланысатын, ыңғайласатын екі сөздің немесе сөз тіркестерінің, сондай-ақ сала-лас я сабақтас құрмаластардың құрамдарындағы жеке сөйлемдердің байланысуына, жалғасуына дәнекер болып қызмет ету» — жалғаулық шылаудың сипаты [16, 366-367].

Келесі бір маңызды жайт – бірыңғай сын есім жетегіндегі *та* демеулігі сөйлемде *әрі* шылауымен алмаса береді және онан сөйлем мазмұны өзгермейді, қараңыз: *Оқушылар уақыттарын көңілді де, пайдалы да өткізуде* (Газеттен) — *Оқушылар уақыттарын әрі көңілді, әрі пайдалы өткізуде*.

Дегенмен ұлттық грамматикамызда *та* тұлғасының қандай жағдайда демеулік, қандай жағдайда жалғаулық болатыны күні бүгінге дейін дұрыс көрсетілмей келеді. Айталық, «Қазақ грамматикасында» *да* жалғаулығына қатысты ұсынылған кей мысалдағы бұл тұлғаның демеулік екенін [17, 558] айтуға тиіспіз, мысалы: *Өзі де, баласы да үндемейді. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген жан т.с.с.* Сондай-ақ *әрі* тұлғасының кейде демеулік болатыны грамматика теорияларында мүлде ескерілмей жүр. Мәселен, жоғарыда газеттен келтірген мысалымыздағы *әрі* тұлғасы — жалғаулық емес, демеулік.

Сонымен, қырғыз тіліндегі *дағы* тұлғасының демеулік екені мәлім болды. Ал қарақалпақ тіліндегі *тағы* тұлғасының жайы бөлек. Бұл тілде аталған тұлға жалғаулық деп қаралады [18, 194]. Мысалы: *Бұл ойды баслық та көрді, тағы жер өлшеуші де көрді* (Ө.Х.). Сөйлемдегі *тағы* сөзін алып тастауға да болады, бірақ бұл арқылы қарақалпақ тілінде мұндай сөйлем үлгісінің бар екенін жоққа шы-

ғара алмаймыз. Қалай дегенде де, *тағы* тұлғасы бұл тілде жалғаулық шылау қызметінде жұмсалады және біз қарастырған тілдер арасында қарақалпақ тілі *тағы* тұлғасы жалғаулық қызметінде жұмсалауын жалғыз тіл болып отыр. Ал өзбек тілінде *тагин* тұлғасын үстеу деп қарайды [19, 163].

Тағы тұлғасын жалғаулық деп қарау қазақ грамматикасында да бар екені жоғарыда баяндалды. Бұл жайында диссертациялық зерттеу мен оқулық, оқу құралдарында мәлімет жеткілікті. Мәселен, А. Ысқақов тек қана жалғаулық деп қарайды [16, 365], алайда жалғаулық қызметінде жұмсалғанына мысал келтірмейді. Сол сияқты, «Жамиғ-ат тауарих» тілін зерттеген Т. Қордабаев пен М. Томанов та шежіре мәтініндегі *тақы* тұлғасын жалғаулық деп көрсеткен [10, 46]. Ал 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» және 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» бұл тұлға жайлы ештеңе көрсетілмейді, яғни *тағы* тұлғасы жалғаулық қатарында да, демеулік қатарында да, үстеу қатарында да жоқ. Ыңғайлас жалғаулықтар жөнінде арнайы зерттеген П. Медетбекова тек жалғаулық қатарында таниды [20, 70]. Н. Оралбай да жалғаулық деп қарап, дәлел ретінде мынадай сөйлем келтірген: *Қоңыр ауырлы боз бұйраттардан арқар мен елік тағы киіктерден күн сайын екі-үшеуден атып жеп тұрды* (К.К.) [21, 359]. Алайда бұл сөйлем Ғ. Иманәлиеваның мақаласында басқаша, қараңыз: *Қоңыр адырлы боз бұйраттардан арқар, елік және киіктерден күн сайын екі-үшеуін атып әкеп тұрды* (Көшімов) [22, 62]. Байқап отырғанымыздай, алғашқы мысалдағы *тағы* тұлғасының орнында кейінгі мысалда *және* шылауы тұр. Дәл осы сөйлем (екінші мысал) 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» да келтірілген [23, 226].

Тағы тұлғасының жалғаулық қызметінде жұмсалғаны жөнінде нақты мысал колда бар басқа материалдан кездеспеді. Кездескен мысалдың (бірінші мысал) түпнұсқасында *тағы* емес, *және* шылауы болғанын және көріп отырмыз. Демек, *тағы* тұлғасы қазақ тілінде жалғаулық қызметінде жұмсалмаған, яғни бұл тұлғаны жалғаулық деп тануға негіз жоқ. Басқаша айтқанда, қазақ тілінде сөйлемдер арасын байланыстыруда *тағы* тұлғасы жұмсалмайды. Жалпы, біз қарастырған түркілік тілдер арасында жалғаулық мәнінде тек қарақалпақ тілінде жұмсалатынын байқадық және мұны *тағы* тұлғасының кейіннен қосып алған қызметі, қарақалпақ тілінің дербес ерекшелігі деп топшылаймыз. Ендеше *тағы* тұлғасының түркологиялық зерттеулерде, сондай-ақ ұлттық грамматика теориясында жалғаулық деп көрсетілуінің себебі орыс тіліне көбіне *и, также* болып аударылатынында болса керек. Түркі тілдері жайлы орыс тілінде жарық көрген этимологиялық сөздіктерде көбіне дәл осылай аударылғаны — факт [14, 88].

Жинақтай айтқанда, қазақ тіліндегі *тағы* тұлғасы үстеу және демеулік мағынасында ғана жұмсалады. Біздіңше, бұл тұлғаның грамматикалық мағынасы сөйлемдегі орын тәртібіне, сонысына қарай екпін түсу-түспеуіне байланысты, сондай-ақ *да* демеулігі және үстеу мағыналы *қайта* сөзімен ауыстыруға болатын-болмайтынына қарай анықталады. Қараңыз:

Кітапты тағы оқығысы келді деген сөйлемде екпін *тағы* сөзіне түседі де, ол үстеу болады. Сонда онсыз да күшейту, дүркінділік мағынасы бар *тағы* сөзіне сөйлемдегі ой екпіні қосылып, ертеректегі үстеу мағынасында көрінеді. Және, біріншіден, бұл сөйлемдегі *тағы* үстеуінің астарында *екінші рет* не *үшінші рет* (алдында оқылған кітап) деген мағына бар, екіншіден, *тағы* тұлғасының орнын үстеу мағыналы *қайта* сөзімен алмастыруға мүмкіндік бар: *Кітапты қайта оқығысы келді*.

Тағы кітап оқығысы келді және *Кітап оқығысы келді тағы* сөйлемдерінің алғашқысында екпін *тағы* тұлғасына, екіншісінде *оқығысы келді* етістігіне түседі. Бірақ соған қарамастан *тағы* — екеуінде де демеулік. Алғашқы сөйлемдегі *тағы* тұлғасының күшейту, дүркінділік мағынасына қоса екпін қабылдағанына қарамастан күшейткіш демеулік болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, әңгіме бұрын оқылған кітап жайлы емес, әйтеуір бір кітап жайлы; екіншіден, *тағы* тұлғасын үстеу мағыналы *қайта* сөзімен алмастыруға келмейді, *қайта* сөзі етістікпен іргелесе тіркесетін — сөз; үшіншіден, *тағы* тұлғасы, осы екінші себептен шығады, етістікпен алшақ байланысып тұр. Рас, *қайта* сөзінің орнына лексикалық семантикасы жуықтас *қайтадан* үстеуін қоюға болады, алайда үстеу мағыналы *қайта* сөзі мен *қайтадан* сөзінің грамматикалық мағынасы тең емес. *Қайта* сөзінің мағынасы контекске қарай құбылып тұратын болса, *қайтадан* — адвербиалданып болған, яғни лексикаланған үстеу сөз, басқа мағынасы жоқ. Сондықтан оны түбір мен қосымша жігіне ажыратуға келмейді. Осыдан барып бұл үстеу (*қайтадан*) етістікпен іргелес те, алшақ та тұрып байланыса береді және онан үстеулік мағынасы көмескіленбейді. Бұл сөйлемді дәл осы интонациямен *Тағы да кітап оқығысы келді* деуге болады, бірақ онан демеуліктік мағынасы өзгермейді.

Алайда *тағы* сөзі етістікке тікелей (іргелесе) тіркескен *Кітапты тағы (қайта* мағынасында) *оқығысы келді* сөйлеміндегі *тағы* сөзіне *да* демеулігі тіркескеннен ол сөз демеулік болып шықпайды, үстеу болады. Мұның *Кітапты қайта/қайтадан оқығысы келді* дегеннен айырмасы жоқ. Сонда *та-*

ғы тұлғасының үстеу не демеулік екенін ажыратуда меңгеруші сөздің грамматикалық мағынасымен қоса алшақ не іргелес тұруы да маңызды рөл атқарады.

Онысы **тағы** нанымды сөйлеміндегі екпін адресанттың интенциясына орай екі түрлі болуы мүмкін. Екпін бұл жолы да деген мазмұндағы **тағы** сөзіне түссе де, **нанымды** сын есіміне түссе де, **тағы** демеулік болады. Себебі бірінші нұсқада **тағы** тұлғасын да демеулігімен ауыстыруға болады және онан сөйлем мазмұны ауытқымайды. Ал екінші нұсқада **тағы** тұлғасы бұл жолы да деген мазмұн арқаламайды, яғни ақпараттық код есебінде даму барысында сіңірген күшейту мағынасында ғана қалады. Онысы **нанымды тағы** сөйлемінде де дәл осылай, екпін **нанымды** сын есіміне түсіп, **тағы** демеулік болады.

Тағы бір еңбекте мынадай мәлімет бар деген сөйлемде екпін қабылдаған сөз — **мынадай** сын есімі. Мұндағы **бір** сөзі — анықтауыш қызметіндегі белгісіздік есімдік те, **тағы** — күшейткіш демеулік. Осыған **тағы** екі бауырсақ қосып беріңізші сөйлеміндегі **тағы** демеулігімен салыстырыңыз.

Тағы тұлғасының грамматикалық синонимі болатын **қайта** сөзінің грамматикалық мағынасы да осыған ұқсас әдіспен анықталады. **Қайта** мен **үлгердім** сөйлемінің мазмұны интонация арқылы екі түрлі кодталады. Мысалы, екпін **мен** есімдігіне немесе **үлгердім** етістігіне түсуі де мүмкін. Бұл сөйлемдегі грамматикалық мүшелердің орнын ауыстырғаннан ештеңе өзгермейді. **Мен үлгердім қайта** сөйлемінде де екпін мазмұнға қарай не есімдікке, не баяндауыш қызметіндегі етістікке (**үлгердім**) түседі. Ал **Үлгердім қайта** мен сөйлемінде екпін тек **үлгердім** етістігіне түседі. Бұл сөйлемдердің бәрінде де, көріп отырғанымыздай, **қайта** тұлғасы екпін қабылдамайды, сонысына қарай демеулік шылау болады.

Қайта жеңдім сөйлемінде екпін **қайта** сөзіне түссе, күшейту мәні еселенеді де, үстеу болады. **Жеңдім** сөзіне түссе, екпінсіз жұмсалған **қайта** сөзі демеулік болады.

Түсінбегенін қайта сұрады сөйлемінде де дәл осылай, егер екпін **қайта** сөзіне қатысты болса — үстеу де, **сұрады** етістігіне қатысты болса — демеулік. Әдетте мұндай сөйлемде екпін қабылдамаған **қайта** сөзі сөйлемнің басқы позициясында жұмсалады.

Кейде **қайта** сөзі түйдекті құрамда жұмсалады. Мысалы, **Аяз қайта бастады** сөйлемінде екпін қабылдаған **қайта бастады** — күрделі етістік, сондықтан мұндағы **қайта** — көмекші етістік қана. Дәл осы сөйлемді интонациясын өзгертіп **Аяз қайта бастады**, яғни екпінді **қайта** сөзіне түсірсек, онда бұл сөз үстеу болады.

Қайта тұлғасының үстеу не демеулік екенін ажыратудың келесі әдісі — орнына **тағы**, **және** сөзін қойып көру. Егер **тағы**, **және** сөзін қойғаннан сөйлем мазмұны өзгермесе, онда **қайта** тұлғасы үстеу болады. Мұның себебі **тағы**, **және** тұлғаларының о баста үстеу мағынасында жұмсалғанында жатса керек. **Қайта** сөзін үстеу деуіміздің бір себебі осында жатыр, екінші себебі — көсемше тұлғасының да адвербиалдануға бейім екені грамматика теориясынан белгілі. Қараңыз: **Өйтін-бүйтін аяқтадық. Ойлай-ойлай жауабын тапты. Сөйтін әндеткені есінде** т.б. **Қайта** сөзі өзбек тілінің грамматикасында да үстеу ретінде мәлім [19, 289]. Дейксистік сипаттағы **сөйтін** сөзінің қыстырма болатынын да қаперде ұстаған жөн.

Сонымен, қазақ тіліндегі **қайта** сөзінің грамматикалық семантикасы сөйлемдегі мазмұнына қарай етістік, үстеу және демеулік болатынын байқап отырмыз.

Және тұлғасына келер болсақ, мұның қазіргі тіліміздегі грамматикалық функциясы аса ауқымды. Грамматика теориясына қатысты жекелеген және академиялық еңбектердің барлығында да жалғаулық екені көрсетіліп жүр.

Өзбек тілінде бұл тұлға тек үстеу ретінде сипатталады [19, 163]. Мысалы: **Яна битта айтинг шу гапни!..** (А. Қаххор) [19, 176]. Қазақшасы: **Осы сөзді тағы/және/қайта бір айтыңызшы!..**

Хамма унинг яна нималардир гапирешишни кутар эди (П. Турсун) [19, 185]. Қазақшасы: **Барлығы оның тағы не айтатынын күткен еді.**

Хуп, хуп... мен яна телефон қиламан... [19, 211]. Қазақшасы: **Жақсы, жақсы... мен тағы/және/қайта телефон шаламын.**

...юра-юра беданани яна топиб олибди (Эртак) [19, 240]. Қазақшасы: **...жүре-жүре бөденені тағы/және/қайта тауып алды.**

Овқатдан кейин яна навбат билан ухлашди (Эртак) [19, 299]. Қазақшасы: **Тамақтан кейін тағы/және/қайта кезекпен ұйықтасты.**

Мысалдардың қай-қайсысында да **яна** тұлғасының байланыстырушылық қызметі жоқ екенін көріп отырмыз. Арасында қазақ грамматикасының нормасы тұрғысынан демеулік болатындары да бар, десе де жалғаулыққа тән грамматикалық мағынадан ада. Мұнан өзбек тілінде **яна** тұлғасының

жалғаулық деңгейіне жетпегенін (мұның жалғаулықтық қызметі кейіннен қалыптасқаны жоғарыда айтылды) байқаймыз.

Түркілік тілдердің біразында *және* тұлғасының «көбіне демеулік немесе үстеу сөз ретінде жұмсалатынын» айтқан Р. Әміров мұның себебін араб-парсы тілдерінің ықпалынан деп есептейді. Ғалымның пікірінше, XV-XVI ғасырларда түркілік тілдерге араб, парсы тілдерінің ықпалы күшейіп, көбі сол тілдердегі дайын жалғаулықтарды қабылдап алған. Бұған дейін демеулік ретінде орныққан *және* сөзінің жалғаулыққа өту процесі осының салдарынан тежелген. «Арабтан жалғаулық сөз алмаған тілдер өз қорынан **жәнені** жалғаулық етіп бөліп шығарды» [7, 15]. Шынында да, өзбек тілінде *ham, va* тұлғалы жалғаулықтар түркілік тілдердің біразында ыңғайлас мәнде жұмсалатын *білән, мен, және* шылауларының орнына жүреді.

Және тұлғасының қазақ тілінде жалғаулық қызметінде жұмсалатыны күмәнсіз. Алайда әдепкі үстеу және демеулік мағыналарының да сақталғаны, сонысына қарай бірде жалғаулық, бірде үстеу, енді бірде демеулік болатыны грамматика теориясында ескеріле бермейді. Тіліміздегі бұл тұлғаның үстеу не демеулік, әлде жалғаулық мағынасында жұмсалғанын сөйлемдегі орын тәртібіне орай екпін түсу-түспеуіне қарай, сондай-ақ орнына *тағы, да, қайта* сөздерін қойып көру арқылы және байланыстырушылық қызметінің бар-жоғын анықтаумен айырамыз. Бірнеше мысал талдап көрейік.

Және онысы нанымды сөйлеміндегі *және* тұлғасының жалғаулық екеніне күмән жоқ. Рас, жалғаулық бірыңғай мүше немесе сөйлемдер жігінде байланыстырушылық қызметте тұруы тиіс еді, ал мұнда сөйлем басында жұмсалған. Сонысына қарамастан мұны жалғаулық деп танымыз, себебі бұл сөйлем — күрделі құрылымның бөлшегі. Өз алдына дербес тиянақты интонация алуы арқылы құрмаластың алдыңғы компонентінен бөлініп шыққан. Түркілік ескерткіштер мәтінінен бері жұмсалып келе жатқан мұндай сөйлем қазақ тілінде бұл күні нормаға айналып отыр.

Амалын тауып ақтарылмақ болғаны бірінші рет емес. Түнеугүні сөзін аяқтатпай жүре беріп еді. Бүгінгі қылығы — мынау. Және ойлағаны болмады. Бұл мысалдың соңғы сөйлемі, көріп отырғанымыздай, күрделі құрамнан интонациялық дербестігімен бөлініп шықпаған. Сондықтан мұндағы *және* тұлғасының жалғаулық болу мүмкіндігі жоқ. Екпін қабылдағанына қарап үстеу деуге және келмейді. Бұл сөйлемдегі *және* — демеулік шылау. Жоғарыда талданған *Тағы кітап оқығысы келді* сөйлеміндегі *тағы* тұлғасының грамматикалық сипатымен салыстырыңыз.

Онысы және нанымды деген сөйлем мазмұнын интонациялық ерекшелігіне қарай екі түрлі түсінеміз. Біріншісінде екпін *бұл жолы да* мағынасындағы *және* сөзіне түседі де, екіншісінде *нанымды* сөзіне түседі. Алайда қос нұсқаның екеуінде де *және* — демеулік. Себебі, жоғарыда келтіргеніміздей, бірінші нұсқадағы *және* тұлғасын *да* демеулігімен алмастыруға болады. Екінші нұсқада олай емес, яғни *да* демеулігімен ауыстыруға келмейді. Дегенмен екпін қабылдамаған *және* тұлғасы тарихи даму барысында жалғаулық сипатына өткенге дейінгі күшейткіш демеулік мағынасында қалады.

Онысы нанымды және сөйлемінде екпін қабылдайтын сөз — *нанымды* сын есімі. Бір қарағанда, осындағы *және* тұлғасын басқы позицияға жылжытуға да болады, алайда ол жағдайда сөйлемнің стилистикалық реңкі өзгеріп, ақпараттық мазмұнына нұқсан келген болар еді. *Онысы нанымды және* сөйлемінің стилистикалық реңкі *Және онысы нанымды* сөйлеміндегідей емес. Демек, соңғы позициядағы *және* тұлғасын жалғаулық дегеннен гөрі, демеулік деген орындырақ.

Ойлағаны және болмады сөйлеміндегі *және* тұлғасының сөз бен сөзді байланыстырып тұрмағаны айқын. Ендеше жалғаулық деуге ешқандай негіз жоқ. Демеулік те емес. Мұндағы *және* — үстеу. Себебі, біріншіден, дәл осы қызметтегі (үстеу) *тағы* сөзімен ауыстыруға болады; екіншіден, екпін қабылдап тұр; үшіншіден, орын тәртібі жағынан етістікпен іргелесе байланысқан.

Тағы, қайта, және тұлғалары жөнінде жоғарыдағы талдаулардан байқағанымыздай, олардың қай сөз табына қатысты екенін анықтауда бір ғана грамматикалық белгісін критерий ету жеткіліксіз. Сондай-ақ сөйлемнің интонациялық реңкіне көз жеткізбей белгілі бір сөз табына телуге де келмейді. Аталған тұлғалардың қай сөз табынан екенін нақтылау үшін контекст аясында қарауымыз қажет.

Сонымен, *және* тұлғасы, сонымен қатар мұнымен грамматикалық квазисиноним болатын *тағы, қайта* тұлғаларының барлығы да алғашқыда етістік сөзден қалыптасқан. Уақыт өте эволюциялық даму барысында транспозициялану арқылы адвербиалдану, конъюнктену процесінен өткен. Сөйтіп бірі үстеу, бірі шылауға айналса, енді бірінің етістік мағынасын қоса сақтағаны мәлім. Мәселен, *йан* етістігінен адвербиалданған *йана* тұлғасы конъюнктену арқылы демеулік шылау қызметінде жұмсалған болса, қазіргі тілімізде үстеулік мәнін де, демеуліктік мәнін де жоғалтай, оған қоса жалғаулық шылау қызметін еншілеп отыр. Ал *тақ* етістігінен адвербиалданған *тақы* тұлғасы үстеулік

мәнінің үстіне конъюнктеу арқылы демеулік шылау мәнін қосып алған. Сондай-ақ *қайт* етістігінің қызметі адвербиалдану үстіне конъюнктеу арқылы кеңейген. Әйтсе де осылардың арасында ба-стапқы етістік мағынасын жоғалтпағаны — *қайт* қана. *Және, тағы* тұлғалары етістік мағынасынан біржола ажыраған.

Енді бұл үшеуінің транспозициялану жолын сызба түрінде ұсынып көрейік.

Жан (*етістік*) → және (*үстеу*) → және (*демеулік*) → және (*жалғаулық*).

Тақ (*етістік*) → тағы (*үстеу*) → тағы (*демеулік*).

Қайт (*етістік*) → қайта (*етістік/үстеу*) → қайта (*етістік/демеулік*).

Бұлардың арасында грамматикалық қызметі басқаларынан анағұрлым кеңейгені — *және* тұлғасы. Осыдан болуы керек, *және* тұлғасы жайлы ұлттық тіл білімінде біршама арнайы зерттеу жа-салды, сонысына қарамастан әлі де зерттеуді қажет ететіні және мәлім.

Жалғаулықтарды арнайы нысан еткен зерттеу жұмыстарының бірінде олардың синтаксистік үнемдеу құбылысына қатысы сипатталса [24, 125-153], келесі бірінде функционалды стильдердегі лингвостатистикасы талданады [20]. Сонымен қатар жалғаулықтардың сөйлем құрылысындағы пози-циялық ерекшелігі баяндалатын еңбек те бар [22]. Енді жалғаулықтардың грамматикалық функци-ясына қатысты жүргізілген осы және басқа да еңбектерден *және* тұлғасы жөніндегі негізгі тұжырым-дарды іріктей ұсынып көрейік.

1. *Және* жалғаулығына тілдік үнемдеу (синтаксистік сыйыстыру) құбылысы тән: *Баспасөздің қолында өзгеде бола бермейтін қуатты күш бар. Ол күш — сөз және қалам* (Газеттен). Осындағы соңғы сөйлем — *Ол күш — сөз және Ол күш — қалам* деген екі сөйлем. Бұларды бір сөйлем етіп сыйы-стырып тұрған — *және* жалғаулығы.

2. Түрлі функционалды стиль мәтіндерінде ыңғайлас жалғаулықтардан ең жиі жұмсалатыны — *және* жалғаулығы. Ал енді осы стильдер арасындағы жұмсалым жиілігі жағынан публицистикалық стильде белсенді, онан кейінгісі — ғылыми стиль, ал көркем әдебиет стилінде салыстырмалы түрде анағұрлым аз [20, 54].

3. *Және* жалғаулығы сөз бен сөзді де, сөйлем мен сөйлемді де байланыстыра береді [24, 125]. Мысалы, *Ал қазір жалғыз өзі, әйелі және сақманышлардың біреуі: екінші сақманыш қой соңында жүр* (Ш. Айтматов) сөйлемінде сөз бен сөзді, *Қалтайдың үстінде қой жүні көнетоз қоңыр шекпен бешпенті, тақыр сұр тері шалбары бар және басына кір шөжім орамал тартқан* (Ә. Көшімов) сөй-лемінде құрмаластың компоненттерін байланыстырып тұр.

Бұл жалғаулық арқылы байланысқан жай сөйлемдер арасындағы грамматикалық қатынаста айырмашылық бола қоймайды. Сондай-ақ бірыңғай мүшелерді грамматикалық мағынасын талғамай байланыстыра береді. Мұндай қызмет ыңғайлас жалғаулықтың басқа түрлерінде жоқ. Мәселен, *мен* жалғаулығы сөз таптарынан грамматикалық мағынасы тең зат есім немесе субстантивтенген сөздерді және есімшелер мен қимыл есімдерін ғана байланыстырады. Дегенмен *және* жалғаулығы бірыңғай мүшелерді байланыстыруда *мен* жалғаулығына қарағанда сирек жұмсалады. *Және* бір ерекшелігі — *және* жалғаулығы арқылы байланысқан бірыңғай мүшелер семантикасы мен интонациялық жағынан дараланып тұрады. Сонымен қатар *және* жалғаулығы арқылы байланысқан бірыңғай мүшелердің әр сыңары жалғауды жеке қабылдайды, мұндай сипат *мен* жалғаулығы арқылы байланысқан бірыңғай мүшелерге тән емес. Салыстырыңыз: *Ол үшін туған өлкесіндегі аласа тауларынан және даласынан артық жер жоқ ~ Ол үшін туған өлкесіндегі аласа таулар(...) мен даласынан артық жер жоқ.*

4. *Және* жалғаулығы публицистикалық және ғылыми стиль мәтіндерінде үтір арқылы байла-нысқан бірыңғай мүшелердің соңындағы *тағы (да) басқа* тұлғасымен тіркесе береді [20, 98]. Мұндағы *тағы* тұлғасының грамматикалық мағынасы жоғарыда талданды.

5. Бірыңғай мүшелер (көбіне сындық мағыналы) арасындағы *және* жалғаулығын *әрі* жалғау-лығымен ауыстыруға болады. Қараңыз: *Қар өздерін көтеретін, бірақ атқа ойылатын болған тұста өздері әлді және айлалы сұмдар ауылдарға тайлықпай соқтыққан-ды* (Ә. Көшімов) — *Қар өздерін көтеретін, бірақ атқа ойылатын болған тұста өздері әлді әрі айлалы сұмдар ауылдарға тайлықпай соқтыққан-ды.*

Және жалғаулығының сөйлемдегі семантикасы *оның үстіне* қыстырма сөзімен, сондай-ақ *тағы* сөзімен де жуықтас, сонысына қарай сөйлемде аталған сөздердің орнына қоя беруге болады [20, 101]. Мысалы, *Әбден тынығып алмайынша аттанбаңдар және ерте баратындай асығыс та шаруа емес* деген сөйлемдегі *және* шылауының орнын *оның үстіне* қыстырмасымен ауыстырғаннан сөйлем мазмұны өзгермейді, қараңыз: *Әбден тынығып алмайынша аттанбаңдар, оның үстіне, ерте бара-тындай асығыс та шаруа емес.*

Және жалғаулығының орнын сөйлемде *сондай-ақ* сөзімен де (және керісінше) ауыстыруға болады [20, 101]. Айталық, *Көрермен залға лық толды, сондай-ақ көңіл-күйлері де ерекше көтеріңкі* (Газеттен) деген сөйлемдегі *сондай-ақ* жалғаулығын *және* жалғаулығымен ауыстырғаннан сөйлем мазмұнына нұқсан келмейді, қараңыз: *Көрермен залға лық толды және көңіл-күйлері де ерекше көтеріңкі*.

Жоғарыда сөйлемдегі *және* тұлғасының қызметі контекстік мазмұнға қарай *тағы, қайта* сөздерімен жуықтас болатыны көрсетілді. Байқап отырғанымыздай, квазисинонимдес бұл қатарды *әрі, оның үстіне, сондай-ақ, сонымен қатар* және т.б. тұлғалармен кеңейте беруге айғақ жеткілікті. Бұл құбылыс түркілік тілдердің біразына тән секілді. Мысалы, Р. Әміров чуваш тіліндегі *тата*, шор тіліндегі *пазок*, ойрат тіліндегі *база* тұлғаларының *және* жалғаулығы қызметінде жұмсала беретініне арнайы назар аудартқан [7, 13]. Ыңғайлас жалғаулықтардың генеалогиялық жақындығы жоқ тілдер арасындағы аударма тәжірибесінде де бірінің орнына бірі жұмсалып жататыны, айталық, ағылшын тіліндегі *and* ыңғайлас жалғаулығына қазақ тіліндегі *мен* және *әрі* ыңғайлас жалғаулықтары сәйкесе беретіні бар [25, 25].

6. *Және* жалғаулығы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы компоненттерін де байланыстырады [7, 44]. *Биыл балалар мектепті бітіретін болғандықтан және жақын жерде болыстық мектеп болмағандықтан, балаларды сынақтан өткізуге инспектор Хохловтың өзі келді* (С. Көбеев). *Және* жалғаулығының бұл қызметі қазіргі қазақ тілінің синтаксисінде аталмайды, екіншіден, мұндағы *және* шылауын да *оның үстіне* қыстырма сөзімен және конъюнктеу арқылы бүгінде ыңғайластық мәнде жұмсалатын болған *сондай-ақ, сонымен қатар* жалғаулықтарымен ауыстыруға мүмкіндік бар.

7. *Йан (жан), тақ* етістіктерінің адвербиалдануы мен конъюнктеуінен қалыптасқан ортақ генезисті тұлғалардың түркілік тілдердегі нұсқасы алуан түрлі. Мысалы: қырымшақ тіліндегі *гене* (үстеу) [14, 315], саха тіліндегі *уонна* (жалғаулық), *эмиз* (жалғаулық) [14, 520], тағы басқа көптеген тілдегі үстеу *әрі* жалғаулық мәнді *йана, жана*, қазақ тіліндегі *және* (үстеу/демеулік/жалғаулық), сары ұйғыр тіліндегі *тақы* (демеулік), алабұғат татар (ноғай) тіліндегі *тағын* (демеулік), әзербайжан тіліндегі *даһа* (демеулік), саха тіліндегі *дабаны* (жалғаулық) [14, 520], қырғыз және қарақалпақ тілдеріндегі *тағы* (жалғаулық), қазақ тіліндегі *тағы* (үстеу/демеулік).

Йан (жан) тұлғасынан қалыптасқан бұл қатарға қазақ тіліндегі таңбалануы ұқсас *йә, жә* (талғау мәнді жалғаулық) тұлғаларын да қосуға болатын сынайлы. Ал Қ. Молгаждаров көрсеткен *ве* тұлғасы [26, 292] кірме *ва* тұлғасының нұсқасы болса керек.

8. Түркілік ескерткіштер мәтінде *йана* тұлғасына мағына жағынан жуықтайтын *азу* жалғаулығы да болғаны жөнінде мәлімет бар, бірақ оның этимологиясы мен қазіргі нұсқалары жөнінде дерек жоқ. Дей тұрғанмен тоғалар және тува тіліндегі *азы*, ойрат тіліндегі *база*, шор тіліндегі *пазок* [7, 13], *паза* [14, 503] жалғаулықтарының осы *азы* тұлғасының қазіргі нұсқалары екені күмәнсіз.

Қорытынды

Жоғарыдағы азды-көпті шола салыстырыла талданған жайттардан мынадай түйінді жинақ шығады:

– *Және* жалғаулығы салалас құрмаластың ғана емес, сабақтас құрмаластың да бағыныңқы компоненттерін байланыстырады;

– *Және* тұлғасының грамматикадағы қазіргі мағынасы мен қызметі *қайта, тағы* сөздерімен байланысты, сондықтан мұны бұл сөздерден оқшау алып қарау арқылы нақтылау мүмкін емес. Сондай-ақ ертедегі *йана, йеме, тақы* тұлғалары белгілі бір грамматикалық мағына аясында жұмсалған және қазіргі тіліміздегі *және, қайта, тағы* сөздерінің мағынасымен бірдей;

– Қазіргі грамматикамызда жалғаулық шылау деп біржақты қаралып жүрген *және* тұлғасының грамматикалық қызметі әлдеқайда кең. Контекст мазмұнына қарай бірде үстеу, бірде демеулік және бірде жалғаулық функциясында жұмсалады. Мұның себебі — бұл тұлға тілдің даму тарихында дәл осы грамматикалық мағыналарда жұмсалатын болған. Қазірде үстеу, демеулік не жалғаулық мағынасында тұрғанын сөйлемдегі орын тәртібіне, сонысына қарай екпін түсу-түспеуіне, сондай-ақ орнына *тағы, да, қайта* сөздерін қойып көру арқылы және байланыстыру қызметінің бар-жоғын анықтаумен ғана көз жеткіземіз;

– *Және* тұлғасының квазисинонимі болатын *тағы* сөзі қазақ тілінде жалғаулық қызметінде жұмсалмаған, сондықтан оны жалғаулық деп тануға негіз жоқ. *Тағы* тұлғасының түркологиялық зерттеулерде, сондай-ақ ұлттық грамматика теориясында жалғаулық деп көрсетілуінің себебі орыс тіліне көбіне *и, также* болып аударылуынан. Анығында, *тағы* тұлғасы үстеу және демеулік мағынасында

ғана жұмсалады. Ал грамматикалық мағынасы сөйлемдегі орын тәртібіне, сонысына қарай екпін түсу-түспеуіне байланысты, сондай-ақ *да* демеулігі және үстеу мағыналы *қайта* сөзімен ауыстыруға болатын-болмайтынына қарай анықталады. Сонымен бірге меңгеруші сөздің грамматикалық мағынасымен қоса алшақ не іргелес тұруы да — маңызды критерий.

– *Қайта* тұлғасының үстеу не демеулік екенін ажыратудың бір әдісі — орнына *тағы, және* сөзін қойып көру. Егер сөйлем мазмұны өзгермесе, онда үстеу болады. Мұның себебі *тағы, және* тұлғаларының о баста үстеу мағынасында жұмсалғанында. *Қайта* сөзінің грамматикалық семантикасы сөйлемдегі мазмұнына қарай етістік, үстеу және демеулік бола береді;

– *Және* тұлғасы, онымен квазисиноним болатын *тағы, қайта* тұлғалары алғашқыда түгелдей етістік сөзден қалыптасып, кейін транспозициялану арқылы адвербиалдану, конъюнктену процесінен өткен. Осылай бірі үстеу, бірі шылауға айналса, енді бірі бастапқы етістік мағынасын әлі де жоғалтпаған. Әуелде *йан* етістігінен адвербиалданған *йана* тұлғасы конъюнктену арқылы демеулік шылау қызметінде жұмсалған болса, қазіргі тілімізде үстеулік мәнін де, демеуліктік мәнін де сақтап, оның үстіне жалғаулық шылау қызметін қосып алып отыр. Ал *тақ* етістігінен адвербиалданған *тақы* тұлғасы онан әрі конъюнктену арқылы демеулік шылау мәнін қосып алған. *Қайт* етістігінің қызметі де адвербиалдану үстіне конъюнктену арқылы кеңейген. Бұл тұлғалардан бастапқы етістік мағынасын жоғалтпағаны — *қайт* қана. *Және, тағы* тұлғалары етістік мағынасынан біржола ажыраған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі. Университеттер мен пединститут студенттеріне арналған оқулық / Т. Қордабаев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1992. — 138 б.
- 2 Этимологический словарь тюркских языков / отв. ред. Л.С. Левитская. — М.: Наука, 1989. — 292 с.
- 3 Тектіғұл Ж.О. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: оқулық / Ж.О. Тектіғұл. — Алматы: MV-Print, 2012. — 500 б.
- 4 Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі / Ғ. Айдаров. — Алматы: Рауан, 1991. — 136 б.
- 5 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі / Н. Сауранбаев. — Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. — 134 б.
- 6 Balcı O. Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi örnekleriyle zarf-fiil eklerinin edat türetme işlevi / O. Balcı // Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi. — Konya, 2016. — No. 39. — S. 229–244.
- 7 Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар / Р. Әміров. — Алматы, 1959. — 70 б.
- 8 Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік): [3 томдық шығармалар жинағы] / Қашқари Махмұт. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. — Т. 3. — Алматы: «ХАНТ», 1998. — 600 б.
- 9 Мамырбекова Г. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі / Г. Мамырбекова, А. Сейтбекова. — Алматы: «Фирма Орнак», 2013. — 480 б.
- 10 Қордабаев Т. Тарихи грамматика мәселелері / Т. Қордабаев, М. Томанов. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 1975. — 176 б.
- 11 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. — Ч. 1. Фонетика и этимология / П.М. Мелиоранский. — СПб., 1894. — 72 с.
- 12 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі / Г. Мамырбекова. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. — 656 б.
- 13 Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII–IX вв. / А.Н. Кононов. — Л.: Наука, 1980. — 256 с.
- 14 Языки мира. Тюркские языки / отв. ред. Э.Р. Тенишев. — М.: РАН, 1996. — 543 с.
- 15 Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы: «Кыргыз тили жана адабияты» адистиги боюнча жогорку окуу жайлардын студенттери үчүн окуу китеп / И. Абдувалиев. — Бишкек, 2008. — 284 б.
- 16 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық / А. Ысқақов. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 384 б.
- 17 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Жауапты ред.: Е. Жанпейісов. — Астана, 2002. — 784 б.
- 18 Түймебаев Ж. Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы / Ж. Түймебаев, М. Ескеева, Ш. Абдиназимов. — Алматы: Қазығұрт, 2018. — 248 б.
- 19 Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка / А.Н. Кононов. — М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1960. — 448 с.
- 20 Медетбекова П.Т. Мен vs. және жалғаулық шылауларының лингвостатистикалық сипаты / П.Т. Медетбекова. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 124 б.

21 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: оқулық / Н. Оралбай. — Алматы: «Инжу-Маржан полиграфия фирмасы», 2007. — 390 б.

22 Иманалиева Ғ.Қ. Профессор Т. Сайрамбаевтың шылаулардың коммуникативтік қызметіне қатысты тұжырымдамалары / Ғ.Қ. Иманалиева // Қазіргі қазақ тілі өркениет басесесінде: зерттеу парадигмалары және оқытудың мобильді технологиялары: Профессор Т. Сайрамбаевтың 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция материалдары. — Алматы: ҚазҰУ, 2017. — Б. 60–63.

23 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология / жауапты ред.: Н.Ысқақова. — Т. 1. — Алматы: Ғылым, 1967. — 264 б.

24 Баймұрынов Ж. Жалғаулық шылаулардың синтаксистік қызметі / Ж.Баймұрынов // Қазақ-башқұрт филологиясы. Ұжымдық монография. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2017. — Б. 125-158.

25 Тукешова Н.М. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдер (салғастырмалы талдау) / Н.М. Тукешова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 2 (110). — Б. 6–11.

26 Молгаждаров Қ. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі жалғаулық шылаулардың қолданысы / Қ. Молгаждаров // Наука и новые технологии. — Бишкек: Изд-во науч. журн. и детск. худож. литер., 2012. — № 2. — Б. 292–295.

Б.А. Жунусова, Ж.М. Баймурынов

Современный характер и функции формы «йана»

В казахском языкознании изучение и исследование грамматических функций союзов берут начало с работы Р. Амирова, на основе которой позже состоялись защиты ряда диссертаций. Однако ещё рано говорить о том, что грамматическая природа союзов полностью определена и изучена. К примеру, в отношении только союза «жане» есть несколько проблем. Этому способствует, во-первых, расширение грамматической функции формы «жане» с течением времени, а, во-вторых, тот факт, что лингвистическая природа союзов до сих пор не изучена. В статье грамматическая особенность формы «жане» рассматривается в сравнении с формами «тагы» и «қайта». Потому что есть вероятность того, что эти формы могут быть взаимными квазисинонимами. Причина, в первую очередь, связана с процессом исторического развития. По этой причине возникает необходимость специального изучения транспозиции раннего «йана», современного «жане», в зависимости от стадии исторического развития. В результате грамматическая функция формы «жане» описывается с совершенно нового взгляда по научному требованию. В частности, в ходе этимологического анализа формы «жане», признанной до сегодняшнего времени как союз, стало известно, что она может функционировать и как наречие, и как частица. Предложены критерии определения грамматического значения. Выявлена неясность ее характеристик, до этого момента являющихся необъяснимыми. Также была изложена функция, не встречающаяся в грамматических теориях. Выводы статьи станут научным материалом для будущих тем магистрантов и докторантов, изучающих актуальные проблемы тюркологии и казахского языкознания.

Ключевые слова: йана, жане, такы, тагы, наречие, частица, служебные слова, функция служебных слов, соединительный союз, адвербиализация, конъюнктивизация, транспозиция, квазисиноним, теория казахской грамматики.

B.A. Zhunusova, Zh.M. Baimurynov

The modern character and functions of the “yana” form

In Kazakh linguistics, the study and research of grammatical functions of unions originate from the work of R. Amirov, which later led to the defense of several dissertations. However, it is too early to say that the grammatical nature of conjunctions is fully defined and studied. For example, there are several problems with only “jane”. This is facilitated, firstly, by the expansion of the grammatical function of “jane” form over time, and, secondly, by the fact that the linguistic nature of conjunctions has not been studied yet. In the article, the grammatical feature of the form “jane” is considered in comparison with the forms “tagy” and “qata”, because there is a possibility that these forms may be mutual quasi-synonyms. The reason is primarily related to the process of historical development. Therefore, there is a need for a special study of the transposition of the primitive “yana”, the modern “jane”, depending on the stage of historical development. As a result, the grammatical function of “jane” form is described from a completely new perspective according to a scientific requirement. In particular, during the etymological analysis of the form “jane”, recognized until now as a conjunction, it has become known that it can function both as an adverb and as a particle. The criteria for determining the grammatical meaning are proposed. The secret of its characteristics, which up to this point were unexplained, has been revealed. A function not found in grammatical theories was also outlined.

The conclusions of the article will become scientific material for undergraduates and doctoral students studying current problems of Turkology and Kazakh linguistics.

Keywords: yana, jáne, taqy, taǵy, adverb, particle, form word, function of form words, conjunction, adverbization, conjunctivation, transposition, quasi-synonym, theory of Kazakh grammar.

References

- 1 Kordabaev, T. (1992). Turkologiiia zhane qazaq til bilimi. Universitetter men pedinstitut studentterine arnalǵan oqulyq [Turkology and Kazakh linguistics. Textbook for students of universities and pedagogical institutes]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 2 Levitskaia, L.S. (Ed.). (1989). Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov [Etymological dictionary of the Turkic languages]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Tektigul, Zh.O. (2012). Qazaq tilinin tarikhii grammatikasy: oqulyq [Historical grammar of the Kazakh language: textbook]. Almaty: MV-Print [in Kazakh].
- 4 Aidarov, G. (1991). Kone uigyr zhazba eskertkishterinin tili [The language of ancient Uighur written monuments]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 5 Sauranbaev, N. (2010). Qazaq tilindegi qurmalas soilemdler zhuiesi [The system of compound sentences in the Kazakh language]. Pavlodar: S. Toraigrov atyndagy Pavlodar memlekettik universiteti [in Kazakh].
- 6 Balcı, O. (2016). Kazak Türkçesi, Kırgız Türkçesi ve Türkiye Türkçesi örnekleriyle zarf-fil eklerinin edat türetme işlevi. *Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi*, 39 229–244. Konya [in Turkish].
- 7 Amirov, R. (1959). Qazaq tilindegi zhalgaulyqtar [Cumulative in the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Makhmut Kashkari (1998). Turik tilinin sozdigi (Diuanii lugat it-turik): 3 tomdyq shygarmalar zhinagy [Turkish Dictionary (Divani lugat it-turk): collected works in 3 volumes]. Vol. 3. (A. Egeubai, Trans.). Almaty: «KhANT» [in Kazakh].
- 9 Mamyrbekova, G., & Seitbekova, A. (2013). Abilgazy bakhadur khannyn «Turki shezhiresinin» tezaurus sozdigi [Thesaurus dictionary of the “Turkic chronicle” by Abylgazy Bahadur Khan]. Almaty: «Firma Ornak» [in Kazakh].
- 10 Kordabaev, T., & Tomanov, M. (1975). Tarikhii grammatika maseleleri [Problems of historical grammar]. Almaty: «Mektep» baspasy [in Kazakh].
- 11 Melioranskii, P.M. (1894). Kratikaia grammatika kazak-kirgizskogo yazyka. Chast 1. Fonetika i etimologiiia [A brief grammar of Kazakh-Kyrgyz language. Part 1. Phonetics and etymology]. Saint Petersburg [in Russian].
- 12 Mamyrbekova, G. (2017). Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic, Persian words in Kazakh language]. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty [in Kazakh].
- 13 Kononov, A.N. (1980). Grammatika yazyka tiurkskikh runicheskikh pamiatnikov VII–IX vv. [Grammar of the language of the Turkic runic monuments of the VII–IX centuries]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 14 Tenishev, E.R. (Ed.). (1996). Yazyki mira. Tiurkskie yazyki [Languages of the world. Turkic languages]. Moscow: RAN [in Russian].
- 15 Abduvaliev, I. (2008). Kyrgyz tilinin morfologiiiasy: «Kyrgyz tili zhana adabiiaty» adistigi boiuncha zhogorku okuu zhailardyn studentteri uchun okuu kitep [Morphology of Kyrgyz language: textbook for university students majoring in “Kyrgyz language and Literature”]. Bishkek [in Kyrgyz].
- 16 Yskakov, A. (1991). Qazirgi qazaq tili. Filologiiia fakultetteri studentterine arnalǵan oqulyq [Modern Kazakh language. Textbook for students of philological faculties]. (2d Ed.). Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 17 Zhanpeiisov, E. (Eds.). (2002). Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozzhasam, morfologiiia, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. Astana [in Kazakh].
- 18 Tuimebaev, Zh., Eskeeva, M., & Abdinazimov, Sh. (2018). Qazaq zhane qaraqalpaq tilderinin salystyrmaly grammatikasy: oqu quraly [Comparative grammar of the Kazakh and Karakalpak languages. Study guide]. Almaty: Qazygurt [in Kazakh and Karakalpak].
- 19 Kononov, A.N. (1960). Grammatika sovremennogo uzbekskogo literaturnogo yazyka [Grammar of the modern Uzbek literary language]. Moscow–Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 20 Medetbekova, P.T. (2015). Men vs. zhane zhalgaulyq shylaularynyn lingvostatistikalyq sipaty [The linguistic and statistical nature of connective and vs. also]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 21 Oralbai, N. (2007). Qazirgi qazaq tilinin morfologiiiasy: oqulyq [Morphology of the modern Kazakh language: textbook]. Almaty: «Inzhu-Marzhan poligrafiia firmasy» [in Kazakh].
- 22 Imanalieva, G.K. (2017). Professor T. Sairambaevtyñ shylaulardyn kommunikativtik qyzmetine qatysty tuzhyrymdamalary [The concepts of Professor T. Sairambaev concerning the communicative activity of connective]. *Qazirgi qazaq tili orkeniet basekesinde: zertteu paradigmalary zhane oqytudyn mobildi tekhnologiialary: Professor T. Saurambaevtyñ 80 zhyldygyna arnalǵan Khalyqaralyq gylimi-adistemelik onlain konferentsiia materialdary — Modern Kazakh language in the competition: research paradigms and mobile learning technologies: Materials of the international scientific and methodological online conference dedicated to the 80th anniversary of Professor T. Sairambaev* (pp. 60–63). Almaty: Qazaq ulttyq universiteti [in Kazakh].
- 23 Yskakova, N. (Eds.). (1967). Qazaq tilinin grammatikasy. Morfologiiia [Grammar of the Kazakh language. Morphology]. Vol. 1. Almaty: Gylym [in Kazakh].

24 Baimurynov, Zh. (2017). Zhalgaulыq shyлаulardyn sintaksistik qyzmeti [Syntactic function of connective]. *Qazaq-bashqurt filologiyasy. Uzhymdyq monografiya — Kazakh-Bashkir philology. Collective monograph*. Qaragandy: «Bolashaq-Baspa» RBB [in Kazakh].

25 Tukesheva, N.M. (2023). Agylyshyn zhane qazaq tilderindegi antonim komponentti frazeologizmder (salgastyrmaly taldaу) [Antonymic phraseological units in English and Kazakh (comparative analysis)]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of Karaganda University. Philological series*, 2(110), 6–11 [in Kazakh].

26 Molgazhdarov, K. (2012). Orta gasyr zhazba eskertkishter tilindegi zhalgaulыq shyлаulardyn qoldanysy [The use of connectives in the language of written monuments of the Middle Ages]. *Nauka i novye tekhnologii — Science and new technologies*, 2, 292–295. Bishkek: Izdatelstvo nauchnykh zhurnalov i detskoi khudozhestvennoi literatury [in Kazakh].

Information about the authors

Zhunussova, Bayan Amanzholovna — Doctoral student, Department of Turkish language and literature, Institute of Turkology, Ataturk University, Erzurum, Turkey;

Baimurynov, Zhanbolat Maksatovich — Candidate of philological sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.